

«Bal-Aiym» бәбәюкай-бақшасы

«Түстер»

Тобы: «Балжан» кіші тобы
Тәрбиеші: Нағметуллаева З

2024-2025 оқу жылы



Білім беру дағдылары: Танымдық, коммуникативтік, шығармашылық

Ұйымдастырылған ашық ойын іс-әрекеті: Сенсорика, жапсыру, сәйкестендіру.

Тақырыбы: «Түстер»

Мақсаты: Балаларға негізгі төрт түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) ойын арқылы топтастыруға үйрету. Ауызша нұсқау мен үлгіге қарай сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.

Әдіс-тәсілдері: миға шабуыл, ойын, тапсырмалар орындау, жапсыру, сергіту сәті.

Дерек көздері: ғаламтор, әдістемелік құралдар

Көрнекіліктер: үлестірмелі материалдар, асықтар, түрлі түсті шарлар.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті апайлар! Бүгінгі кіші «Балжан» тобының «Түстер» ашық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бастауға рұқсат етіңіздер.

Музыка әуенімен балалар автобус арқылы балалар ойын алаңына кіреді. Қонақтармен шаттық шеңберін айту арқылы сәлемдеседі.

Сәлем, сәлем саусақтар,

Сәлем, сәлем аяқтар

Сәлем, сәлем қаракат көздерім,

Кірпігіме қарашы сен менін

Сәлем, сәлем ерінім,

Сәлем, сәлем мұрным

Сәлем, томпақ беттерім алақай!

Сәлем, сәлем бәріңе, балақай! *(сөйлеуді дамыту, музыка)*

Тәрбиеші: Тосын сәт: «Түрлі түсті шарлар»

-Балалар бізге қонаққа Қоян келді.

Қоян балалардан шарлардың түстерін, үстелдегі заттардың түстерін сұрайды.

Ойын: «Шарларды жинау»

Шарты: Шашылған шарларды себетке түстері арқылы жинау.

Тәрбиеші: Балалар, сендер енді қолдарыңдағы шарлардың түстеріне қарай үстелдеріңді тауып отырыңдар (*сенсорика*)

Балалар қызыл, сары, жасыл, көк түстерді тауып орындарына отырады.

1 қызыл үстелдің тапсырмасы: «Ою түстерімен сәйкестендір» .

Шарты: Ұлттық оюларымызды түстеріне қарай сәйкестендіру

2 сары үстелдің тапсырмасы: «Түстермен қызықты эксперимент» ойыны

Шарты: Экспиремент – іздеу әрекеті қаншалықты әртүрлі және қарқынды болса, соғұрлым бала жаңа ақпарат алады, толығырақ дамиды.

3 жасыл үстелдің тапсырмасы: «Қоржынға түсіне сәйкес асықтарды орналастыр» ойыны

Шарты: Қоржынның түсіне сәйкес шашылған асықтарды орналастыру.

4 көк үстелдің тапсырмасы: «Түрлі түсті мүйізтұмсық»

Шарты: Түрлі-түсті мүйізтұмсықты қысқыштың көмегімен түстеріне қарай ажырату.

«Күн мен түн» қимылды ойыны арқылы сергіту сәтін ұйымдастыру.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін сендерге түстер әлемі алғыс айтып, қуанып жатыр. Сендер тапсырмалардың барлығын дұрыс орындадыңдар. Жарайсыңдар, балалар!

Балаларды бағалау: Түрлі түсті шарлар беру.

Балалар автобусқа мініп топтарына қайтады.

